

Аққайың ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихатының 2016 жылғы 29 қарашадағы N 7-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда N 3962 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Аққайың ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Аққайың ауданы мәслихатының регламентін бекіту туралы" Аққайың ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы № 21-2 шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 31 наурыздағы № 2621 тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірдегі "Аққайың" газетінде, 2014 жылғы 10 сәуірдегі "Колос" газетінде жарияланған);

2) "Аққайың ауданы мәслихатының регламентін бекіту туралы" Аққайың ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы № 21-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Аққайың ауданы мәслихатының 2015 жылғы 3 қарашадағы № 36-7 шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 3491 тіркелген, 2015 жылғы 17 желтоқсандағы "Аққайың" газетінде, 2015 жылғы 17 желтоқсандағы "Колос" газетінде жарияланған).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*VI шақырылған VII сессия
төрағасы*

*Аққайың ауданы
мәслихатының хатшысы*

А. Фильберт

С. Мұқанов